ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

050000, Алматы к., Желтоқсан к., 83
Тел.: 8 (727) 279-30-26
E-mail: fink.almaty@minfin.gov.kz

050000, г. Алматы, ул. Желтоксан, 83
Тел.: 8 (727) 279-30-26
E-mail: fink.almaty@minfin.gov.kz

№ 09-06/2945
от 04.05.2021

**«Жастар үні» ҚҚ**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі – Департамент)* 2021 жылғы 16 сәуірдегі № 98513 лот 39481906-ГСЗ1 Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру шеңберінде «DÚISENBILIK SPORT-2021» «Алматы қаласының ауыл жастары және келуші жастар сондай-ақ, базар жастары арасында шағын футбол, волейбол бойынша турнирді ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметтер» жобасының конкурс нәтижелерімен келіспеуге қатысты, шағымыңызды қарап келесіні хабарлайды.

Алдын ала бақылау бойынша, 2015 жылғы 11 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» 1 тармағының №12 қосымшасына сәйкес (бұдан әрі – Қағидалар) ұсынылған әлеуетті өнім берушінің жобасы Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда 0 балл беріледі.

Осы конкурс бойынша Сіздің өтініміңізде Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің барлық тармақтары көрсетілмеген *(жобаны орындау мерзімі және адамдардың жалпы қамтылуы жоқ)*.

Осыған байланысты конкурстық комиссия берген баға (0 балл) қолданыстағы қағидаларға сәйкес келеді.

Қағиданың 12-қосымшасының 3-тармағы келіспеу мәселесі бойынша, Қағидаға сәйкес егжей-тегжейлі жоспар болмаған жағдайда немесе Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінде көзделген барлық талаптар болмаса, 0 балл берілетінін хабарлаймыз.

Сіз Егжей-тегжейлі жоспарда Тапсырыс берушінің техникалық сипаттамаларының барлық талаптарын көрсетпегенсіз *(жобаның орындалу мерзімі мен адамдардың жалпы қамтуы жоқ)*.

Осыған орайда, конкурстық комиссия берген баға (0 балл) қолданыстағы қағидаларға сәйкес келеді.

Жұмыс тәжірибесі мәселесі бойынша, өтінімде «Жастар Үні» ҚҚ растайтын құжаттар *(шот-фактуралар және орындалған жұмыстардың актілері)* қоса берілген, олардың арасында ұқсас қызметтер көрсету нарығында екі жылды қоса алғанға дейінгі жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар қоса берілген.

Қағидалардың 12-қосымшасының 5-тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын қызметтер мәніне сәйкес келетін ұқсас қызметтер көрсету нарығындағы жұмыс тәжірибесі қоса алғанда екі жылға дейін 4 ұпай көзделген.

Осы орайда, конкурстық комиссия берген балл (4 балл) қолданыстағы Қағидаларға сәйкес келеді.

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, өтініште көрсетілген Сіздің дәлелдеріңіз расталмады және жауаппен келіспеген жағдайда Сіз өзіңіздің шағымыңызды қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағым жасауға құқылысыз.

**Департамент басшысының орынбасары** **Е. Байғалық**

*орынд. Уразова А.Б.*
*Тел:279-85-44*